

**Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Мұнай және газ өнеркәсібі бас диспетчерлік басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 9 шілде N 751

Көмірсутегін өндіру, геологиялық барлау, тасымалдау мен қайта өңдеу кезінде мемлекеттік мониторингті жүзеге асыруға жәрдемдесудің және мұнай-газ кешені өнімінің көлік ағындарын басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғам жарғысын бекіту кезінде оның қызметінің негізгі бағыттары республиканың мұнай-газ кешенінің мониторингін жүзеге асыру үшін жедел ақпаратты техникалық жинау, ақпараттық-талдау анықтамалық материалдар жасау, көмірсутегін өндіру, геологиялық барлау, тасымалдау, қайта өңдеу және оларды сату саласында маркетингтік зерттеулер, өнімді сертификаттауды жүргізу деп белгілесін;

2) Қоғамның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқықтарын берсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2002 жылғы 9 шілдедегі  
N 751 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-55-жолмен толықтырылсын:

"123-55. "Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы" ЖАҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 46-жолмен толықтырылсын:

"46. "Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы" ЖАҚ".

4 . < \* >

**Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1105 қаулысымен.**